

## **№7 Лекция тақырыбы: Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XVIII ғасырдың соңғы ширегі – XX ғ. басы)**

### **Лекцияның оқыту нәтижелері:**

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

### **Лекция мазмұны.**

1. Кіші және Орта жүздер аумағында барлық билік институттарын реформалау және аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу.
2. Дала комиссиясының қызметі. Түркістан өлкесін басқару туралы ереже (1886 ж.). Дала облыстарын басқару туралы ереже (1891 ж.).
3. Бөкей ордасының (Ішкі Орда) құрылуы: басқару жүйесінің ерекшеліктері, аумақтары.
4. Жер мәселесі.

### **1. Кіші және Орта жүздер аумағында барлық билік институттарын реформалау және аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу.**

*Кіші жүз бен Орта жүздің соңғы хандарының тағдыры мынадай болды.* 1781 жылы Абылай қайтыс болғаннан кейін, Орта жүздегі хандық билікке оның баласы Уәли тағайындалды. Ол хандық билікке келгеннен кейін Абылайхан саясатын жалғастыруды көздеп, Қытай үкіметімен байланыс орнатуға әрекеттер жасайды. Сол себепті патша үкіметі Уәли ханның билігін әлсірету үшін Орта жүзге Бөкей ханды екінші хан етіп тағайындайды. Бірақ, ол 1817 жылы қайтыс болады. Көп ұзамай Уәли ханда 1819 жылы қайтыс болады. Осыдан кейін Орта жүзде хан тағайындалмайды.

Кіші жүзде Әбілқайырдың баласы Айшуақтан кейін 1809 жылы хан тағына Шерғазы тағайындалады. Бұл шешімге наразы болған Кіші жүз ағамандары Арынғазыны хан етіп сайлайды. Бірақ, 1821 жылы Арынғазы Петерборға шақырылып, сонда біраз ұсталғаннан кейін оны Калугаға жер аударады. 1830 жылы ол сол жақта қайтыс болады. Ал Шерғазы хан болса «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы» бойынша Кіші жүзде хандық билік жойылғаннан кейін Орынборға шақырылып ол сол жақта тұрақтап қалады.

1822-1824 жылдары Орта және Кіші жүзге енгізілген ереже бойынша екі жүз де хан үкіметі жойылды. Ресей жаңа әкімшілік жүйесін енгізді. Бұл жүйе алдағы уақытта қазақтардағы билік Ресей чиновниктерінің қолына беруге дайындық болды.

Қазақ жерін отарлауда Ресей үкіметі қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздігін жоюды мақсат етіп қойды. Оны Қазақ хандығының басқару жүйесі реформалау арқылы жүзеге асырды. ХУІІІ ғасырдың 80 жылдарында Сырым Датұлы бастаған көтеріліс барысында Орынбор губернаторы О.Игельстром Кіші жүздегі хандық билікті жоюға әрекеттер жасаған еді. Ол «Игельстром реформасы» деген атқа ие болатын, бірақ ол жүзеге асырылмай қалды. Бұл саясат ХІХ ғасырдың 20 жылдары қолға алынып, өз нәтижелерін бере бастады. Сонымен, қазақ жерін әкімшілік реформалаудың жаңа үлгісі Ресейдің әкімшілік-саяси басқару жүйесіне сай жасалынды. Патша үкіметі 19 ғасырдың басында отаршылдық саясатты тереңдете отырып, қазақ халқының саяси тәуелсіздігіне қол сұқты. Патша үкіметі 1822 жылы “Сібір қазақтары туралы”, 1824 жылы “Орынбор қазақтары туралы” ереже қабылдап аталмыш ережелер бойынша хандық үкіметті жойды. Қазақтарды қазақтардың өзі билеген “Дала демократиясы” деп аталған хандық үкімет қазақтардың саяси тәуелсіздігінің белгісі еді. Сондықтан хандық үкіметті жою қазақ халқының саяси тәуелсіздігін жою болып табылады. Хандық үкіметті жою патша үкіметінің отарлау саясатының тереңдей бастағанын дәлелдеген оның отаршылдық саясатындағы кезекті қадам болды.

Реформа Орта жүзден басталды. Сібір генерал губернаторы М.Сперанскийдің басшылығымен «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы Жарғы» жасалып, ол 1822 жылы қабылданады. (Орыс әкімшілігі сол кезде қазақтарды қырғыздар, ал қырғыздарды қара қырғыздар деп атаған еді). Бұл реформа бойынша Сібір екі бөлікке – Шығыс және Батыс бөліктерге бөлінді. Шығыс бөлімінің басқармасы Иркутскіде, ал Батыс бөлігінің орталығы Тобольскіде, сосын 1839 жылдан бастап Омбыда орналасты. *Батыс Сібір бөлігіне Тобыл, Томск, Омбы облыстары және Орта жүз бен Ұлы жүздің бір бөлігі енді.* Батыс бөлік «Сібір қырғыздарының облысы» деген атқа ие болды.

Жарғы бойынша «Сібір қазақтарының облысы» әкімшілік тұрғыда округ –болыс – ауыл жүйесі бойынша бөлінді. Округке 15-20болыс, болысқа 10-12 ауыл, ауылға 50-70 шаңырақ (үйлер) кірді. Округ басшылығында округтық приказдар болды. Округтық приказдарды қазақтар дуан деп атаған. Округтарды формальды түрде аға сұлтандар басқарды. Болыс басшылығында болыс сұлтаны тұрды, олар округтық приказға бағынды. Ауылды ағаман басқарды. Ағамандарды үш жылда бір рет ауыл тұрғындары сайлап, оны округтық приказ бекітті. Болыстар сұлтанға бағынды. *Хандық билік толығымен жойылды.*

Реформада сот жүйесінде де үлкен өзгерістер болды. Онда Қазақ жеріне Ресей заңдарын енгізу мақсат тұтты. Дәстүрлі билер соты тек ру арасындағы, ауыл ішіндегі дауларды шешу үшін ғана сақталынды. Қылмыстық істер, мысалы Отанға опасыздық жасау, кісі өлтіру, ұрлық, билікке бағынбау т.б. империялық заңның негізінде шешілді.

«Сібір қырғыздары туралы Жарғыда» сібір қазақтары көшпелі бұратаналарға жатады, сондықтан олармен құқықтары теңестіріледі деп атап көрсетіледі. «Желілер бойындағы қазақтардың қазіргі жағдайы әртүрлі, олар болыстарға, болыстар ауылға бөлінген, кейбірі қазіргі атауларын сақтап қалған». Одан әрі былай делінген: «Олар болыстық басқару ыңғайлы болуы үшін округтерге қосылған. Округтер көбіне бұрыннан қалыптасқан бір рудан және көрші болыстардан құралады. Әр округтің өзіне белгіленіп берілген жері бар және оған басқа округтің адамы жергілікті басшылықтың рұқсатынсыз өте алмайды».

«Басқару құрамы» бөлімінде мыналар анықталып берілген: «Ауылды *старшиндар* басқарды. Болысты *сұлтандар* басқарды. Ауыл мен болыстағы сот мәселелерін талқылауда *ауыл ақсақалдары мен билер өз билігін* сақтайды. Бүкіл округті басқару үшін болыстар аға сұлтанды сайлайды. Әрбір округте округтік приказдар ашылған». Ал «Сайлау тәртібі» бөлімінде: ауылды басқару үшін ағаманды қазақтардың өздері сайлайтын болған және оны округтік приказ бекіткен. Ағамандарды сайлау әр үш жылда сайланып отырған, бір ағаман бірнеше рет қатарынан сайлануға құқылы болған. Ағамандарды сайлау ауылдық жерлерде ауызша өткізілетін. Көпшілік дауысты олар өздері шешті. *Сұлтан лауазымы мұрагерлік* жолмен жүргізілді. Аға сұлтанды тек сұлтандар ғана сайласа, ал приказ заседательдерін *билер мен ағамандар* сайлады. Осының барлығын *облыс басшысы бекітті. Аға сұлтан үш жылға сайланатын, заседатель екі жылға сайланды*», -деп, сайлау тіртіптері белгіленген. Сондай ақ Жарғыда: *«аға сұлтан земство шенеунігі. Ол сайланғаннан кейін жергілікті әкімшілікті басқару үшін Ресей үкіметінің атынан оған өкілеттілік беріледі. Барлық жұмысты ол округтік приказ арқылы жүргізеді»* делінген.

Жарғы бойынша қазақ халқы үшін «салық пен міндеткерлік» мөлшері де белгіленеді: «Жасақ малмен өтеледі, жүз бастан біреу алынады. Салық қазақтардан болыс бойынша жиылады. Салық жинау жылына бір рет жазды күні жүргізіледі». Жарғыдағы тағы бір маңызды мәселе, «Медциналық бөлімнің» енгізілуі болды. Әрбір *округте екі емдеуші*, тұрақты аурухана бөлінетін болды. «Діни және халық ағарту бөлім ережесінде» білім беру жүйесін қалыптастыру бағыттары айқындалды.

«Сібір қырғыздары туралы Жарғы» қабылдау хандық билікті жоюды және Орта жүздің Ресей империясының құрамына толығымен енгенін білдіреді. 1824жылы 8 ақпанда патша өкіметінің жарлығымен бірінші Қарқаралы округтық приказы бекітілді. Оның басшылығына аға сұлтан, подполковник Тұрсын Шыңғысов отырды. Сол жылы Көкшетау округтік приказы құрылды. Бұл приказ патша үкіметінің Қазақ жерін

отарлаудағы маңызды әкімшілік ресурсқа айналды. 1832 жылы Ақмола округтік приказы ашылды. Жер таңдауда подполковник Ф.И.Шубин экспедициясы мұқият тексергеннен кейін Қараөткел аймағында Есіл өзенінің оң жағалауына Ақмола бекінісін салу үшін таңдап алды. Бұл Орта жүздің ірі руларының қоныстарының, жалпы қазақ жерінің орталығы ретінде өте ұтымды стратегиялық орын еді.

Ақмола округтік приказы Қазақ жеріне тездетіп енудің мүмкіндіктерін кеңейтті. 1851 жылы мұнда Қазақ жеріндегі Ресейдің 1200 солдатты мен офицерлері орналастырылып ең ірі әскери орталыққа айналды.

1824 жылы Ресей үкіметі «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы» қабылдады. Ол Орынбор генерал губернаторы П.Эссенің басшылығымен жасалды. Орта жүздегі сияқты енді Кіші жүзде хандық билік жойылды. Кіші жүзді билеуші сұлтандар бастаған 3 бөлікке бөлді. Бұл үш бөлік кіші жүздің Батыс, Орта, Шығыс бөлігінде орналасқан руларға негізделіп құрылды. Мәселен, Шығыс бөлік Әлімұлы, Шөмекей, Қыпшақ руларынан құрылды. Бұл бөліктер Орынбордағы шекаралық комиссияға бағынатын болды да билеуші сұлтандар шекаралық комиссиясының чиновнигі дәрежесінде болды. Билеуші сұлтандарды Орынбор әскери губернаторлары, басқа шенеуніктерді шекаралық комиссия тағайындады.

Кіші жүзде орта жүзде енгізілгендей сайлау жүйесі болмады. Кіші жүзге арналған ережеде қамқоршы деген лауазым енгізілді. Оның міндеті әскери бекіністер мен қазақтардың арасына байланыс орнату болды. Оқиғаның алдағы барысында бұл лауазым Ресейдің отаршылдық саясатын жүзеге асыратын құралға айналды. Сот жүйесінде өзгерістер болды. Қазақтардың арасындағы ірі қылмыстарды Орынбордағы әскери сот шешті. Билерге ұсақ-түйек істер қалдырылды

Кіші жүзде басқару Орынбордағы Шекаралық комиссия арқылы жүзеге асырылды. Жарғы бойынша Кіші жүз үш бөлікке бөлінді. Бұл бөліктер дистанцияларға бөлінді. Дистанция дегеніміз – бекіністер аралығындағы жерлер болатын. Дистанциялар ауылдарға бөлінді. Дистанцияларды дистанция бастықтары басқарды, ал ауылдарды ағамандар басқарды. Осының барлығын шекара комиссия тағайындап отырды. Орынбор қазақтары үшін сайлау жүйесі енгізілмеді. Сондай ақ Кіші жүзде әскери бекіністер бойындағы қазақтар үшін арнайы қамқоршы қызметі тағайындалды. Сот жүйесі «Сібір қырғыздары туралы Жарғыдағы» ережелер сияқты жүргізілді. Ауыр қылмыстық істер әскери соттар мен шекаралық комиссияның құзырында болды. Ал маңызы төмен істерді жергілікті билер соты қарайтын болды. Сөйтіп Кіші жүздегі хандық билікте жойылды.

## **2. Дала комиссиясының қызметі. Түркістан өлкесін басқару туралы ереже (1886 ж.). Дала облыстарын басқару туралы ереже (1891 ж.).**

1865 жылы үкімет Қазақ даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлау үшін Далалық комиссия құрылды. Оның құрамына Ішкі істер министрлігінің, әскери министрліктің және жергілікті генерал губернаторлықтардың өкілдері кірді. Өзінің шекарасы күннен күнге ұлғайып келе жатқан Ресей империясы үшін сыртқы жағдай әкімшілік жүйесін реформалауды жүргізуге қолайлы болды. Шаруалардың басыбайлы тәртібі жойылғаннан соң Ресей үкіметі земствоның, соттың, қалалықтардың және т.б. әлеуметтік саяси өмірін түбегейлі өзгерткен бірқатар реформалар жүргізді. Осы жағдайда Ресей Қазақстанды басқарудың бұрынғы жүйесін түбірімен қайта құру міндетін алға қойды. Реформаны даярлау кезінде қалың бұқараның көңіл күйі назарға алынбады. Реформа қазақтың материалдық игілігін сақтап, тұрмыс ахуалын көтеруге ықпал ететін радикалдық жоба болсын деген ниетпен Ш.Уәлихановта ол жайлы үн қатты. Ш.Уәлиханов Қазақстанда халықтың өзін өзі басқаруына негізделген әкімшілік билік жүйесін енгізуді ұсынды. «Сот реформасы жөніндегі жазбаларында» ол қазақ халқы үшін әлеуметтік экономикалық жаңашылдықтарды аса маңызды деп есептеді.

1867 жылы наурызда Қазақ жерін , Орта Азия өлкесін әкімшілік басқару реформасының жобасын түпкілікті құрастыру үшін әскери министр Д.А.Милютин

бастаған ерекше комитет құрылды. Нәтижесінде II Александр патша 1867 жылы 11 шілдеде «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша Ережені», 1868 жылғы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторлықтарының Дала облыстарын басқару туралы Ережені» бекітті.

1867-1868 жылдары реформаның (Уақытша Ережені) негізгі мақсаты «Қазақ даласының XIX ғ. Ресейдің басқа да бөліктерімен толық қосылуына қол жеткізу, Ресейдің қол астындағы халықтарды бір басқарманың астына біріктіру, жергілікті ақсүйектерді биліктен шеттету, рулық бастамаларды әлсірету» болды.

Реформаның негізінде Қазақстан аумағы үш генерал губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір болып бөлінді. Іс жүзінде Қазақ жері үш жүзге бөлінген күйінде қалды. Әрбір генерал губернаторлық облыстарға бөлінді. Қазақстанның бүкіл аумағында 6 облыс құрылды, олардың екеуі – Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан, Ақмола мен Семей облыстары Батыс Сібір, ал Орынбор мен Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлықтарының құрамына кірді. Басқару орталықтары қазақ халқынан жырақта Ташкент, Орынбор, Омбыда орналасты. Ал бұрынғы Бөкей хандығының жерлері 1872 жылы Астрахань губерниясының құрамына енгізілді. Маңғыстау түбегіне ерекше мән берілді. Өйткені оның әскери стратегиялық маңызы бар еді. Ол Каспий теңізі арқылы Ресеймен, оңтүстігінде Хиуа хандығымен, батысында Кавказбен шектесіп жатты. Орынбор генерал губернаторлығының Орал облысы құрамындағы Маңғыстау приставы құрылды. Мұндағы тағы бір ерекшелік – болыстар мен ауыл ағамандарын отарлық әкімшілік тағайындаса, ал басқа жерлерде ол сайлау жолымен өтеті. Ал Түркістан генерал губернаторларына қосымша Қытай және Иранмен дипломатиялық келіссөз жүргізу құқығы берілді.

Әрбір облыс белгілі бір шамадағы уездерден құрылды. Мысалы, Семей және Ақмола облыстары 5 уезден, ал Сырдария облыстары 8 уезден және т.б. Уездер болыстарға бөлінді. Болыстар 100-200 шаңырақтан тұратын әкімшілік ауылдарға бөлінді. Облыстың басына әскери губернаторлар қойылды, ал уездерді генерал губернатор сайлаған орыс офицерлері басқарды. Болыс басына сайланбалы болыс басқармалары, әкімшілік ауылдарда ауыл старшиналары тағайындалды. Болыстар сияқты ауылдар да рулық принцип бойынша емес, аумақтық принцип бойынша құрылды.

Әкімшілік басқарма ашықтан ашық әскери сипатта болды. Облыстардың басында барлық әскери және азаматтық билікті толығымен өз қолдарында шоғырландырған әскери губернаторлар тұрды (олар әрі әскери округтердің қолбасшылары болды). Әскери және әкімшілік биліктің бір қолда, яғни орыс әскерлерінің қолында болуы жаңа реформаның қазақ даласында жасалған әкімшілік құрылымының мәні болды.

Қазақ жеріндегі әкімшілік реформаның аясында сот реформасы да жүргізілді. Шарифат пен қазақ халқының дәстүрлі құқық тәртібі негізінде іс жүргізетін билер мен қазылар соты сақталынды. Бірақ, олар ауыл деңгейінде ғана қызмет атқарды. Әскери, уездік соттар Ресей империясы заңдары негізінде жұмыс істеді. Мәселен, Отанға опасыздық жасау, өкіметке бағынбау, мемлекет мүлкін бүлдіру, лауазым адамдарды өлтіру сияқты қылмыс түрлерімен әскери, уездік соттар айналысты.

Реформа бойынша қазақтардан жыл сайын әрбір шаңырақтан ақшалай салық алу жүйесі енгізілді. Салық мөлшері Түркістан генерал губернаторлығында 2 сом 70 тиын; Орынбор мен Батыс Сібір негерал губернаторлығында 3 сом белгіленді. Ал отырықшы егіншілікпен айналысатын халық өнімінің оннан бір бөлігін астық түрінде немесе ақшалай талап етілді.

1868 жылғы «Далалық облыстарды басқару» бойынша және 1867 жылғы Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару жөніндегі «Уақытша Ереже» бойынша болыстық басқармасының қолына полициялық және нұсқау таратушылық биліктер берілді. Ол «тыныштық пен тәртіпті» сақтауды, салық төлеуді және халықтың барлық міндеткерліктерін өтеуін бақылады. Оның міндетіне билер сотын орындату кірді. Ауыл старшындары өзінің құзырында болыстық басқармалардың міндеттерін орындады. Қазақ

шаруалары шамадан тыс ауыр земстволық міндеткерліктерді өтеді: ауыл –болыс әкімшілігі қажетті малмен қамтамасыз етті, көпірлерді, пошта желілерін реттеуге қаржы бөлді, әскери бөлімдерді көлікпен қамтамасыз етті.

Реформаның қазақ халқы үшін ең ауыр бабы, «Уақытша Ереженің» 210 тармағына сәйкес Қазақ жері Ресей империясының меншігі болып жариялануы болды. Жерді мемлекеттік меншік деп жариялау оны қазақ халқының пайдалануынан жатсындырып, қоныс аударушы қара шекпен учаскелеріне таратуға заңды құқық берді. Сұлтандардың барлық әлеуметтік- саяси және мұрагерлік құқықтары жойылды, ел билігі орыс шенуніктерінің қолына шоғырландырылды.

Жаңа болыстар мен ауылдардың әкімшілік жобаларын даярлаған Далалық комиссия алғашқы кезекте, дәстүрлі билік жүйелерінің саяси қауіптілігінен қорықты. «Қырғыздарда кез келген күшті сайлау билігін жою өте пайдалы және салиқалы болар еді, яғни оларды ақсүйектік және рулық дәстүрдің езгісінен азат ету керек... сонда олар үкімет күштерін тежей алмайды», - деп жазды XIX ғасырдың ортасындағы зерттеуші А.К.Гейнс.

1867-1868 жылдардағы ережелер «уақытша» енгізілген болатын. Патша үкіметі он екі жыл ішінде толық жүзеге асрамыз деп жоспарлаған еді. Бірақ жаңа отарлық тәртіптер жергілікті халықтың тарапынан күшті қарсылыққа тап болды. Себебі бұл реформаны іске асыру оларды толығымен Ресей империясының бұғауына түсіретінін жақсы түсінген болатын. Сол себепті бұл ережелерді қазақ халқына енгізу 20 жылға созылып кетті.

Бұл реформа туралы М.Тынышпаев «История казахского народа» деген еңбегінде: «Олар қазақ халқының талаптарына жауап бермеді, тек зиян әкелді» деп, қазақ халқына әкелген зардаптарын атап көрсетеді.

### **Түркістан өлкесін және Далалық облыстарды басқару туралы ереже:**

Түркістан туралы В.Бартольд мынадай пікір айтқан болатын: Түркістан – Еуразия құрлығының орталық Батыс бөлігінде үлкен территорияның алатын, бұрын Тұран немесе Түркістан аталған өлке, ал бұл «Түркілер елі» деген сөз. Бұл өлке Батыстан арал өзені Хазар (Каспий) теңізінің, Шығыстан Алтай тауы мен Қытай шекарасымен, Оңтүстіктен Тобыл, Томск облыстарының аралығында және Еуропаның үштен бір бөлігін құрады», - деген еді. Ресей Батыс Түркістанды басып алу ісіне 1716 жылдан бастап кірісті, 1865 жылғы дейін Оралдан, Арал, Балқаш, Ыстықкөл өңіріне дейінгі аралықтағы және Ташкент облысына жақын жерлерді басып алды. Батыс Түркістанның жаулап алған жерлері 1865 жылға дейін Ресейдің Орынбор генерал –губернаторлығы арқылы басқарылды. Орыс мемлекеті 1865 жылғы 2 –ші ақпанда жаулап алынған Ыстық көлдің Батыс жағалауынан Орал өзеніне дейінгі жерлердің бәрі «Түркістан облысы » атымен Орынбор генерал – губернаторлығы тарапынан басқарылатындығы туралы шешім қабылданды. 1867 жылы Ресейдің соғыс министрі Милитюн басқарған комитет Түркістанның болашақтағы басқару мәселесін талқылады. Түркістан облысының Түркістан генерал–губернаторлығы ретінде Ресей соғыс министріне бағынышты сипатта басқарылатындығы жайында шешім қабылданды. Патша 1867 жылғы 11–шілдеде осы генерал–губернаторлықты құру жайындағы заңға қол қойған болатын.

Түркістан генерал–губернаторының оралығы болып Ташкент қаласы бөлгіленеді. Бұхара, Қоқанд хандығын, Хиуа мемлекеттерін бақылау құқығы да Түркістан генерал – губернаторына берілді.

1868 жылы 21–қазанда қабылданған жарлыққа сәйкес, Түркістанның Ақмола және Жетісу облыстары Батыс Сібір генерал–губернаторлығы билігіне берілді. 1867 жылы орыс мемлекеті Қохан хандығына қараған жерлерді Түркістан генерал–губернаторлығына біріктірді. Оған Сырдария Жетісу облыстары, кейінірек Самарханд, Ферғана, Каспийдің бергі бетіндегі аймақ қосылды. Облыстар, уездерге олар болыстарға , ауылдарға бөлінеді. 1886 жылы 12–маусымдағы Түркістан генерал–губернаторлығының жарлығы бойынша, облыстар ру атымен емесқыстаулардағы жерлердің атымен аталатын болды. Ал отырықшы халықтарды орыстың селолық қауымы сияқты ақсақалдыққа бөлу орын алды.

Олардың басында ауыл ақсақалдары тұрады. Болыстарды Түркістан генерал – губернаторлығы бекітсе, старшиналар мен ақсақалдарды уезд бастықтары тағайындады. Осы бекітілген белсенділердің көмегімен орыс шенеуніктері ел арасында отаршылдық саясаты онан сайын күшейтті.

Патша үкіметі 80-жылдардың ақырында жаңа реформаны әзірледі. **1886** жылы патша үкіметі Түркістан өлкесін басқару туралы, **1891** жылы Ақмола, Семей, Жетісу, Арал, Торғай облыстарын басқару туралы ереже бекітті. Ереже бойынша 1867-68 жылдары енгізілген бес сатылы әкімшілік жүйе сақталды. Түркістан өлкесі облысқа, уездге бөлінді. 1886 жылғы ереже бойынша Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторын біріктіріп Дала генерал губернаторы атты бір генерал губернаторлық құрылды. Болыстар мен ауылнайлар сайланатын болды, сондай-ақ ережеде көрсетілгендей патша чиновниктерін аталмыш лауазымдарға сайлау жүргізбей-ақ тағайындау құқығы берілді.

**1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы» Ереже III Александр бекітті.**

1. 1886 ж. Ереже негізгі өзегі **Жер қорын** толығымен мемлекеттік меншікке беру болды.

2. Бұл қазақтардың **дәстүрлі мал шаруашылығына** орасан нұқсан келтірді.

3. XIX ғ. Аяғында Сырдария мен Жетісу облыстарында статистикалық деректерге сүйенетін болсақ **15 млн бас мал** болған.

4. **253-бапта «жайылым жерге, топырақ, тас алуға»** рұқсат бере отырып құнарлы жерлерді тездетіп тартып алуға тырысты.

5. Жаздық жайлауларға рұқсат етілгенімен **қыстағы, күздегі, көктемдегі жайылым жерлер арендаға беріліп отырды.**

6. **Ереженің 276 бабында Сырдария облысында көшіп жүруге жер жайылымдары үшін Түркістан генерал-губернаторының рұқсаты талап етілді, ол бұл мәселені Дала генерал губернаторымен келісіп шешуі керек еді.**

7. **Оңтүстік аудандарда жерге жеке меншікті енгізудің қарастырған кезінде өкімет көшпелілердің өмірінің үш компонентіне – киіз үйден, малдан, даладан тұратын ерекшелігін ескермеді.**

8. Жаңа ережеге сай Түркістан генерал губернаторы 3 облысқа (Сырдария, Ферғана, Самарқан, кейіннен Жетісу) Орталығы Ташкент болды.

9. Бұл ереже бойынша **генерал-губернатордың билігі** біршама күшейтілді. Облыстардың билігі әскери губернаторларға берілді.

10. Ереже бойынша **генерал-губернаторлармен** бір жағдай болса олардың орнына вице-губернаторлар, әскери губернаторлар атқарды.

11. Түркістан г-г 2 облысы **Сырдария мен Жетісу Қазақстанға** тікелей қатнасы болды. **Сырдария 5 уезден:** Әулиеата, Перовс, Қазалы, Шымкен, Ташкент. **Жетісу облысы 6 уезден** тұрды.

12. Ереженің отаршылдық бағыты **салық жүйесінде өзгертті. Ол 1867 ж. Уақытша ереже баптарын қайталады. Әңгіме әр түрлі міндеткерліктің көлемін көбейту жайында ғана болды.**

13. **141-бапта** христиан нанымына қарсы, басқару тәртібіне, мемлекеттік міндеткерлікті өтеуге қарсы **«бұратаналарды»** жауапқа тарту белгіленді.

**1891 ж «Дала облыстарын басқару туралы» ереже 25 наурызда қабылданды.**

1. Бұл Ереже бойынша **Ақмола 5 уезден, орталығы Омбы.**

**Торғай облысы 4 уезден, орталығы Орынбор.**

**Семей облысы 5 уезден, Орал облысы 4 уезден тұрды.**

1. Бұл Ереже **уезд бастықтарының** міндеттері кеңейтілді. Енді олар мемлекет тапсырмаларын дұрыс орындамаған жергілікті халықтарды **7 күнге дейін қамауға алуға және 15 сом айыппұл** салуға құқылы болды.

2. Ережеде Сот құрлысында елеулі өзгерістер жасалды. **Көшпелі мен отырықшы халықты теңестіру туралы бабы нығайтылды.**

3. Ереже бойынша **билер сотын жойып халық соты** деген жалпылама атауды қолданды. Оның себебі Ислам шариғатын уағыздайтын билердің билігін шектеу болды.
4. **Халық сотын Жоғарғы сот қатаң қадағалады. Халық соты 3 жыл** мерзімге сайланды. Олардың ұлтына, материалдық жағдайларына қарамады.
5. Бұған қоса Орал қаласында бітістіруші судья қызметі ашылды.
6. Соттың жұмысын уезд басшылығыда қадағалап отырған.
7. Бұл ережеден кейін губернаторлардың қазақтарды «бағынбады» деген сылтауымен әскери сотқа өткізіп отырған.
8. Қазақты отарға, халықты алым алынатын топқа айналдыру саясаты тuzетулермен толықтырылды.
9. Шаңырақ салығы 2 сом 75 тиыннан 4 сомға көтерілді.
10. Алтай маңындағы көшпелі қазақтардан бұл салық 6 сом 50 тиынға дейін алынды.
11. Егер **шаңырақты жасырып қалған болса екі есе** салық төледі.
12. Ереженің **137 бабы бойынша** үйжайлардан киіз үйден, жеркепелерден **түгін салығы** да алынып отырды.
13. Шаңырақ санағы 3 жылда 1 рет жүргізілді.
14. Салықты ауыл старшындары да жинап болыс басқарушыларына өткізді.
15. Болыстардың саны халық санына, шаңырақ санына қарай өзгеріп отырған. Мысалы: Торғай обл. 1896 жылы 47 болыс, 70134 шаңырақ болды.

Қазақтардан алынатын салық ақшалай алынатын болды. Бұл Ресейде товар-ақша қатынасының дамуына байланысты еді. Ереже бойынша империялдық және халықтық деп аталатын екі сатылы сот жүйесі енгізілді.

XIX ғасырдың алпысыншы, тоқсаныншы жылдарда патша үкіметінің Қазақстанда енгізген реформалары Ресейдің отаршылдық әрекетін жүзеге асыруға қолайлы әкімшілік жүйе қалыптастыру, Ресейде капиталистік қатынастардың дамуына құқық тұрғысынан жағдай жасау мақсатына бағытталды.

### **3.Бөкей ордасының (Ішкі Орда) құрылуы: басқару жүйесінің ерекшеліктері, аумақтары.**

1801 жылы патша үкіметі Еділ Жайық аралығында Ішкі орда немесе **Бөкей хандығы** атты орда құрады. Кіші жүздің жерін екіге бөліп жүзге байланыссыз төртінші орда құрғандағы патша үкіметінің мақсаты өзінің отаршылдық әрекетін тереңдету еді. Патша үкіметі қос өзеннің арасындағы шаруашылық жүргізуге қолайлы жерге жаңа мемлекет құрып, онда үлгілі шаруашылық ұйымдастырып, сол арқылы Ресейдің қол астына өте қоймаған тайпа, руларды тарту еді. Патша үкіметінің бұл ниеті Жәңгір хан жүргізген реформалардан көрініс тапты.

Жәңгір хан әкесі Бөкей хан қайтыс болған соң 1824 жылы хан тағына отырады. Ол қыстау және шабындық жерлерді жеке меншікке беруден өз реформасын бастайды. Бұл реформаның мақсаты жерді интенсивті түрде пайдалану болды. Сондай-ақ ол шет елдерден асыл тұқымды мал әкеліп қазақы малмен будандастыру арқылы мол өнім беретін мал тұқымын жасауды ұйымдастырды. Ол Ресеймен және басқа елдермен сауда байланысын дамытты, тұңғыш жәрмеңке ашты. Бұл тауар-ақша қатынасының дамуына әсер етті. Жәңгір хан ордасында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашты. “Орда мектебі” деп аталған бұл оқу орнын бітіргендерді хан Ресей қалаларына оқуға жіберді. Орда мектебінен қазақтың тұңғыш интеллигенциясы туып жатты.

Жәңгір Нарын құмының Жасқұс мекенінде хан ордасын салғызды. Ағаш үйлерден құралған бұл қалашықта хан үкіметінің кеңселері, қызметкерлердің үйі салынды, осы үлгімен сұлтандар, ру басылары өздеріне жеке үй салдырды. Жәңгір хан үкіметін нығайту үшін билікті ханның қолына топтастырып, сұлтандар мен ру басыларының билігіне шек қойды.

Жәңгір хан осы және басқа реформаларды үстем тап өкілдерінің мүддесі тұрғысынан жүзеге асырғанын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар ол жүргізген шаруашылық

және білім саласындағы рефомалар қарапайым халыққа тиісті дәрежеде пайдалы болды. Сондықтан да Жәңгір ханның жүргізген реформасының прогрессивтік сипатын, оның жеке басының реформаторлығын ғалымдар мойындайды.

**4. Жер мәселесі.** XIX ғасырдың 60 жылдарында жүзеге асырылған әкімшілік қайта құрылымдарының негізінде Қазақстан толығымен Ресей императорының атарына айналды. Енді бұл кең байтақ өлкені экономикалық және рухани жағынан тезірек меңгеріп алудың саяси зор мәні бар екенін патша үкіметі жақсы түсінді. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін патшаның өзінің орталық саясатының ең сенімді әдістерінің бәрі – орыстарды эжергілікті халықтармен араластыра қоныстарға ерекше мән береді. Әрине, қазақ даласына орыстарды қоныстандырудың қажеттігін Ресей үкіметі ерте кезден – ақ түсінген болатын. Сол кезде – ақ жайықтың оң жақ алқабындағы қазақтардың керемет жерлеріне қазақтарды көшіріп, ХҮІІІ ғасырдың аяғында Орал қазақ әскері өлкенің ішкі аудандарына таралған еді. осының нәтижесінде бүкіл Қазақстан территориясы қазақ әскері мен толтырылып, әскери бекіністер, форпостар мен редуттар салына бастаған. Бір Орынбор өлкесінің «Өзінде» тыныштық пен тәртіп орнату мақсатымен Орынбор (1845 жылы), Орал (1845 ж), Қарабұтақ (1848 ж), Ембі (1862 ж), Новопетровск және Райым бекіністері салынды. Ал шын мәнінде, бұл бекіністер батшалықтың қазақ жеріне ішкерілеп енуінің және оны толығымен отарлауының тірегі болған еді. Сонымен бірге, Орынбор әкімшілігі аталған бекіністер жнымен қазақ қоныстарын ұымдастыруға кірісті осы мқсатпен генерал Обручев отбасылары бар төменгі шендегі Орынбор қазақтарын, әртүрлі жеңілдіктер беру арқылы бекіністер жанына қоныстандыра бастады.

Сөйтіп 1849 жылы Новопетровск бекінісінде – 18, Райым бекінісінде -26, Орынбор бекінісінде -10, Орал бекінісінде -10 және Қарабұлақ бекінісінде -4 отбасынан тұратын қазақ қоныстарын ұйымдастырылған. Қазақ қоныстары өлкенің ең шырайлы жерлеріне орналасып, оларға жеткілікті мөлшерде шабындық, орманды және егістік жерлер бөліп берілген.

Ал XIX ғасырдың ІІ жартысында Орал қазақ әскері қазақтардың жайықтық сол шұғылауындағы алқаптарында ала бастайды. Бұл -қазақтардың жайымдылық жерлерін тартып алып, жер пайдаланудың дәстүрлі негіздерін бұзған әрекет еті.

Осылайша Т.Сидельников атап көрсеткендей: „... даланы қазақтардың отарлауы ХҮІІІ ғасырдың ортасында басталып, үздіксіз түрде, XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін жалғасты, сөйтіп, бірте –бірте қырғыздардың миллиондаған дисятина ең керемет жерлерін тартып алды.

Алайда казактардың жер енгізу тәртіптерінен ешнәрсе шыққан жоқ. Әкімшілік бекіністердің жанынан казак қоныстарын ұйымдастырып, олардың жер енгізу ісіне «үлкен үміт» артқанымен, «қазақ бекіністерге нанмен көмектеспек түгілі, өзі қазынаның есебінен күн көрді».

«Сонымен бірге, қоныстанған қазақтың көшпенді қызғызға ешқандай пайдасы болмады. Тіпті жабайы деген қырғыздардың арасында қоныстанып отырса да, жалған түсініктегі, еңбексіз табылған және сараңдықпен жинақталған меншік құқына басқа, эканомикалық мағынада, кыргздарға ешнәрсе енгізбді. Кыргыз үшін казак стациясы ешқандай да тұтыну рыногы бола алмады және ол жерден қырғыз арақтан басқа ешнәрсе сатып ала алмады. Қоныстанған қазақ және жер өңдеу жүйесіне қатысты тапқанын теріске шығарды; қоныс тепкен жерін өңдеп тыңайтпағаны былай тұрсын, оны әбден құлазытты. Кең байтақ даланың және табын жылқыны көріп тұрып, оның тұқымын жақсартуда ойланбады. Қырғыз шопанын көріп тұрып, ол оның қалай тігілгеніне көңіл де бөлмеді».

Осылайша, алғашқы отарлаушы қазақ өлкесінің байлығын емін –еркін талан –таражға салумен және халықты тонауымен айналысқан. Қазақстардың жерін шауып, малын тартып әкетіп отырған. Ол жөнінде А.К.Гейнс былай деп жазады: «Үкіметтің казактарға силаған артықшылықтары олардың тұрмыс жағдайларымен қызметін жоғарылатуға емес,



керісінше, жаппай ырдуудырдулықтың және жалқаулықтың дамуына, олардың шарушылығының құлазуына және жүйелі ұйымдасқан түрде қырғыздарды тонаушылыққа алып келеді. Өздерінің тонаушылығы мен зорлық –зомбылығы арқылы олардың бойында бүкіл орыс халқына деген өшпенділік сезім орнатты. Бұдан қолдарына оңай тиген жердің қадірін білмеген казактардың топастығы мен надандығын, тоғышарлығы мен кененаулығын көруге болады.

Осы мәселелердің негізінде, патшалық әкімшілік қазақ даласы «... казак қоныстары арқылы отарлау жүйесі өзіне алғаш жүктелген міндетті табыспен орындады; ал қазіргі кезде жергілікті жағдайлардың өзгеруіне байланысты, бұл әдіспен отарлауы жалғастыру күткен пайдаға қол жеткізбейді» деп есептер, қырғыз даласын орыстардың отарлауы қажеттілік екенін, біраң өлкедегі казак қлныстарының патша үкіметінің отарлау мақсатын қанағаттандыра алмайтынын түсініп, өлкеге орыстарды қоныстандыру үшін еркін отарлауға жол беру керек» деген пікірге келеді.

Орыстарды казактармен араластыра қоныстандырудың мақсатына қатысты әкімшілік құжаттарында; «қырғыздар арасында азаматтықты тарату, дамыту үшін өлкеге орыстарды қоныстандыру мемлекетке пайдалы және өте қажет. Себебі, орыстар жоғары нәсіл өкілі бола отырып, қырғыз халқының тұрмысына жасампаз ықпал етеді және оны Ресейге толығымен бірігуге дайындайды» деп көрсетілді. Ал шын мәнінде патша өкіметінің ойлаған казактардың азаматтығын арттырып, тұрмыс жағдайын жақсарту емес, казак жерін орыс қоныстары арқылы отарлауды күшейте түсу болатын.

1864 жылғы реформадан кейінгі аграрлық дағдарыстың шиеленісуін патшалық әкімшілік орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы шешпекші болады. Патша үкіметі қазақ жерлерін отарлауы, талан –таражға салуды заңдық тұрғыдан бекітуге тырысып, 1868 жылдың 21-қазанындағы «Уақытша ереже» бойынша қазақ даласын мемлекет меншігі деп жариялады.

Қазақ жерін өз бетімен келіп қоныстанушылар өте көп болған. Мысалы, Торғай облысын отарлау 1869 жылы Ақтөбе бекінісінің салуымен басталып, орыс шаруаларының өз бетімен келіп, бекініс жанына көптен қоныстанушының есебінен толығы түскен.

«Уақытша Ережеде» уезд орталықтарынан басқа жерлерде орыс қоныстарын ұйымдастыруға рұхсат берілмегенмен, Орынбор генерал –губенаторы Н.Крыжановский 1879 жылдың 19 –желтоқсан Қостанай мекенінде Николаев уездің орталығын орналастыруға казактардан алынған 13300 десятина жердің 10300 –ін отырықшылар поселкесіне бөледі. Ол поселкеге әрқайсына 10 десятина жер үлесін беріп, 1000 шаруаны қоныстандыруды жоспарлайды.

Қоныстанушылар қазақтың шүйгін жерлерін тартып алып, шабандықтарын шауып, шабылған шөптерін тасып алғанымен қоймай, қопсылық білдірген казактарды соққыға жығуға дейін барған. Орыс шаруалары қазақ қоғамдарымен келісіп, казактардың жерлерін өте төмен бағамен арендаға алған. Ресей империясының «бұратана» халықтарды орыстандырудағы ең сенімді тәсілі –орыстарды қазақ халқымен араластыру қоныстандыру болған.

Көші–қон саясатының төркіні тереңде жатты. Ол шаруаларды ревалюциялық қозғалыстан алаңдату; осы арқылы оларды жаңа мекенде орнықтыру; көшіп келген орыс шаруаларын отарлаушы әскерлердің қатарларын толтыруға негіз ету; империяны орыстандыру саясатын жүзеге асыру; әртүрлі халықтардың мекенінен ығыстыру арқылы оларға ортақ жауға, яғни қаризмге қарсы күресі жолында бітіруге мүмкіндік бермеу. Көші –қон қозғалысы 1861- 1892 жылдары алғашқы кезеңінде Ақмола, Орал, Семей, Торғай, Жетісу аймақтарын қайтды. Басқару жүйесін реформалау өлкені отарлаудың икемді құралдарының бірі. Оны іске асыру үшін елді басқарудың тарихы қалыптасқан ұлттың жүйесін қиратып, кен далаға қуатты метрополия билігінің тәртіптері мен пошымдарын күштеп енгізу қажет болды. Осы мақсатта тез арада ұсақ –ұсақ бірнеше хандықтар құрылып, елдің этноаймақтық тұтастығы бұзылды. Одан кейін әлі хандықтардың жерлері мен халқын рулық және тайпалық белгілер бойынша бөлшектер ауылдарға және

болыстарға шашып жіберді. Хандықтарды бөлшектеп дербестігін айырғаннан кейін оларды күштеп әрқилы губернялардың құрамына енгізіп жіберді. Нәтижесінде оларға бағынышты халық өз жеріне айналғандай күйге енді. Бұл халықтың бірлігін нығайтып келген байырғы дәстүрлі байланыстарды үзіп, келге мүлде жат басқару жүйесін күштеп орнатуға әкеліп соқты. Енді ең төменгі буын – ауылдар мен болыстарды «шынбағынған қазақтардан» шыққан атқа шікерлеп билесе, уездермен облстарды патшаға берілген әскери шенуніктер басқарды. Сөйтіп, қазақтар мекенінде барлық құқығынан айрылған келімсекке айналды. Ең қиыны халық ұлттың ғана емес ру–тайпалық бірлестігінен де айрылды.

Аймақтық қағидаларды ұстанған және сайлаудың көпсатылы түріне негізделген жаңа жоғары шенді патша шенеулігінің бірі айтқандай, «бұратаналарды бұратаналардың қолымен тұншықтыру әдісі» еді. Шаруалардың осынау әлеуметтік – саяси шоғыры II Александр патшаның 1865 жылғы 5 шілдедегі арнайы нұсқауынан бастау алды. Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша шешім 1867 жылы маусымда Орынбор және Батыс Сібір генерал–губернатор Даналық облысы басқару жөніндегі уақытша шешім 1868 жылы қазанда шықты.

1905-1907 жылғы революциядан соң патша министрі Столыпин аграрлық реформа қабылдап шаруаларға өзінің азғантай жерін сатып Шығыстағы ұлан байтақ құнарлы жерге көшуге ұлықсат берді. Бұл Қазақстанға орыс шаруалырының ағылуына әкеп соқты. XIX ғасырдың ақырында қазақ жеріне Қытайдан ұйғырлар мен дунгандар келіп қоныстанды. Қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің көптеп келуі қазақтардың өз жеріне азшылық болып қалуының басталуына әкеп соқты. Ресейде 1861 жылы басыбайлылық қатнасты жойды, сөйтіп феодализмнің негізгі тірегінің бірі жойылды. Дегенмен оның екінші тірегі – патша үкіметі қалып қойды. Патша үкіметі феодалдардың үкіметі болғандықан солардың мүддесіне қызмет етті. Бұл капитализмнің дамуына, Ресейдің прогресс жолына түсуіне патша үкіметі бөгет болып отыр деген сөз. XX ғасырдың басында Ресей өзімен теңдес басқа елдермен салысырғанда артта қалған аграрлық ел болды. Мұның себебі феодализм түгелдей жойылмағанында еді.

Сондықтан патша үкіметін құлату Ресейдің прогресс жолына түсуіне шешуші роль атқаратын еді. Патша үкіметін құлату үшін Ресей халқы, оның алдыңғы қатарлы қайракерлері көп күш жұмсады. Мұны декабристер көтерілісінен, шаруалар көтерілісінен, патшаны өлтірмек болған, өлтірген әрекеттерден байқауға болады. Бірақ бұл әрекетер нәтиже бермеді. Патша үкіметін құлату дегеніміз патшаны өлтіру емес, үкіметті оның барлық атрибуттарымен /армия, полиция, т.б./ құлату қажет. Үкіметті құлату үшін революция қажет болды.

**Оқытудың техникалық құралдар** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық  
**Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі**

**Күрделі деңгей:**

1. Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттарының қазақтың жайылымдық жерлерінің талан-таражға салынуы туралы пікірлерін талдаңыз

**Орта деңгей:**

1. Ресей империясының құқықтық нормалары бойынша аға сұлтандар, сұлтан-әміршілер, болыс сұлтандар, старшиналар, билер, құрметті қазақтардың мәртебесін көрсетіңіз .

2. Жәңгір хан билігінің сипаттамасын беріңіздер

**Жеңіл деңгей:**

1. XIX ғ. 60-90 жылдарындағы көші-қон мәселесі туралы баяндаңыз

**БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері**

1. Жәңгір ханның ағартушылық саясаты
2. XIX ғасырдың соңындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық жағдайы.
3. XX ғ. басындағы Қазақстандағы көші-қон саясаты және столыпиндік жаңғырту.

### **Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:**

#### **Негізгі:**

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.
2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.
3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.
4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016
7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

#### **Қосымша:**

1. Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
3. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.

8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст]: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

**WEB сайттар тізімі**

1. e-history.kz
2. tarikh.kz